

3.12.2020

Виртуалды көрме

Виртуальная выставка



Әл-Фараби кітапханасы
ДАМУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ

АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ АҚТАҢГЕРІ НАМАЗАЛЫ ОМАШЕВ 70 ЖАСТА

Н.О. Омашев – қазақтың көрнекті ғалымдарының бірі. Ол 13 монографияның, 3 оқулықтың, 9 ғылыми-публицистикалық еңбектер мен очерктер жинағының, 9 оқу құралдарының және 300-ден астам ғылыми, публицистикалық мақалалардың авторы. Намазалы Омашевтың зерттеушілік, ғалымдық қырыда көпшілікке танымал. Ол кісінің қаламынан туған «Толқынды тотияйын», «В борьбе с негативными», «қазақ радиожурналистикасы», «Жол үстінде журналист» зерттеу кітаптары жарық көрген.

2010-2011 жылдарға арналған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Алаш баспасөзі тігінділері мен нөмерлерін іздеп табу, жарияланымдарын араб әліпбиінен кириллицаға аудару, академиялық жинақ етіп шығару» атты ғылыми жоба (Ғылыми жетекші: Н.Омашев) бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұнда ғасыр басында араб қарпімен жарыққа шыққан қазақ басылымдары: “Айқап”, «Қазақ», “Қазақстан”, “Серке”, «Сарыарқа», «Жас азамат», «Абай», «Бірлік туы», «Алаш», «Ақ жол», «Сана», «Қазақ тілі», “Таң”, “Шолпан”, «Жас Түркістан» газет-журналдарында жарияланған Алаш қайраткерлерінің құнды көзөңсөз мұраларын кириллицаға түсіріп, академиялық 10 томдық кітап шығару ісі қолға алынды. Осы жоба аясында 2010 жылы «Алаш көсөмсөзі» 10 томдығы жарық көрді.

Н.О. Омашев – танымал публицист, оның мақалалары республикалық газет-журналдарда жарық көріп тұрады, радио және телебағдарламаларға жиі қатысады. Публицистің қаламынан туған жолсапар және портреттік очерктері мен түрлі эсселері, ғылыми-танымдық мақалалары мен деректі фельетондары оның шығармашылық дарыны мен публицистік шеберлігін айғақтайтын “Ақпарат әлемі” атты таңдамалы шығармаларының екі томдығына топтастырылған (2006). Публицист очерктері сезімге әсер ететін суреттер мен нәзік лиризмге толы. Ал фельетондары оның сықақшылдық қырын танытады: оқырмандардың есінде ирониялық тапқыр тіркестерімен, сәтті қолданылған юморлық эпизодтарымен, күлкілі диалогтарымен қалады.

Кітаптар саны: 21

Оқытушылар назарына: [Кітап қорының қалыптасуы бойынша ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)

[Қорымыздың басқа кітаптарымен танысу үшін осы жерді басыңыз.](#)

	<p>Омашев Н. Қазақ радиожурналистикасы : [тарихы, тәжірибесі, теориясы] / Н. Омашев. – Алматы : ҚазМУ, 1992. - 261, [3] б.</p> <p>Бұл кітапта қазақ жерінде алғашқы радиостанцияларының пайда болуы мен радиохабарларының таралу тарихы туралы, сол сияқты радиожурналистиканың қалыптасуы, даму мәселелрі сөз болады.</p>	<p>Читатъ</p>
	<p>Омашев Н. Толқындағы "Тотияйын" : монография / Н. Омашев. - [б. м.] : Қазақстан, 1988. - 158, [2] б.</p> <p>Автор бұл кітабында әуе толқынында сын-сықақ туралы әңгімелейді. Радиофелътонның ерекшеліктері дәлелдері негізінде сөз болады.</p>	<p>Заказатъ онлайн</p>
	<p>Омашев Н. О. В борьбе с негативными... : [Фелъетон в радиожурналистикe] / Омашев, Намазалы Омашевич. - Алма-Ата : Рауан, 1990. - 109, [2] с.</p> <p>Предлагаемая книга основано на богатом фактическом материале казахстанской радиожурналистики в области фелъетона. Автор анализирует состояние современного жанра в тесной связи и истоками и всей историей создания критических передач на Всесоюзном и Республиканском радио.</p>	<p>Заказатъ онлайн</p>


	<p>Омашұлы Н. Намазалы. Жол үстінде-журналист: монография / Н. Намазалы. Омашұлы. - Алматы : Атамұра, 1999. - 164,[4] б.</p> <p>Бұл еңбек – бұғанасы бекіп, қанаты қатайған қазақ журналистикасының бүгінгі күндегі хал-ахуалы, жай-жапсары туралы кеңінен қозғаған туынды. Ұлттық журналистика саласының шетелдік журналистикамен салыстырғандағы орны мен тілші даярлаудағы біздің ел ғалымдарының алдында тұрған мәселелер жайында жан-жақты сөз болады.</p>	<p>Заказать онлайн</p>
	<p>Омашұлы Намазалы. Ұзынқұлақтан қазақ радиосына дейін : оқу құралы / Н. Омашұлы. - Алматы : Санат, 2007. - 320 б.</p> <p>Белгілі ғалым бұл еңбегінде қазақ жерінде пайда болған радиостанциялар мен хабардың таралу тарихы тың деректер негізінде айтылады.</p>	<p>Заказать онлайн</p>
	<p>Омашев Н. 1920-жылдардағы кеңестік журналистика : монография / Н. Намазалы. Омашев. - Алматы : Қазақ энцикл., 2013. - 318,[2] б.</p> <p>Жинақ "Ұшқын" (1919-1920 жж.), "Еңбек туы" (1920-1921 жж.), "Еңбекшіл қазақ" (1921-1925 жж.) басылымдарына арналады, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мәннан Тұрғанбайұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Сәкен Сейфуллиндердің, Танабұға, Кәртай, Шаруашыл сияқты бүркеншік есім иелерінің публицистикасы басылымдарды жаңаша қырынан тануға мүмкіндік береді</p>	<p>Заказать онлайн</p>

	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / жоба жетекшісі Н. О. Омашев. - Алматы : Өнер. - 2010. - 1-кітап : "Шолпан" журналы. - 350, [2] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>"Алаш көсемсөзі" сериясымен жарық көретін 10 томдықтың бірінші кітабында 1922—1923 жылдары Ташкентте жарық көрген «Шолпан» журналының № 1, 2, 3, 4 сандары Өзбекстанның мемлекеттік мұрағаттарынан көшіріліп алынды. Онда араб қарпімен жарияланған материалдар сол қалпында кириллицаға аударылды. Өйткені, алаш қайраткерлерінің көсемсөз және әдеби мұралары барлық ғылым салалары үшін құнды дереккөз болып саналады. Олардың сол кезде айтқан ой-пікірлері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ, өте маңызды.</p>	<p>Читать</p>
	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / жоба жетекшісі Н. О. Омашев. - Алматы : Өнер. - 2010. - 2-кітап : "Шолпан" журналы. - 357, [3] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>"Алаш көсемсөзі" сериясымен жарық көретін 10 томдықтың екінші кітабында 1922—1923 жылдары Ташкентте жарық көрген «Шолпан» журналының № 5, 6, 7, 8 сандары Өзбекстанның мемлекеттік мұрағаттарынан көшіріліп алынды. Онда араб қарпімен жарияланған материалдар сол қалпында кириллицаға аударылды. Өйткені, алаш қайраткерлерінің көсемсөз және әдеби мұралары барлық ғылым салалары үшін құнды дереккөз болып саналады. Олардың сол кезде айтқан ой-пікірлері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ, өте маңызды.</p>	<p>Читать</p>
	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / ред. басқ. Н. О. Омашев. - Алматы : Өнер. - 2010. - 3-т. : "Жас Түркістан" журналы. - 340, [4] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>Он томдықтың үшінші кітабына Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың бас редакторлығымен 1929-1939 жылдары Францияда, Берлинде жарық көріп тұрған "Жас Түркістан" журналының №1-13 сандары енген. Басылым материалдары сол кездегі түркі халқына ортақ шағатай тілінен кириллицаға аударылған.</p>	<p>Читать</p>

	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / ред. басқ. Н. О. Омашев : Өнер. – 2010. - 4-кітап : "Жас Түркістан" журналы. - [б. м.]. - 350, [2] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>Алаш көсемсөзі сериясымен жарық көретін он томдықтың төртінші кітабына Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың бас редакторлығымен 1929-1939 жылдары Францияда, Берлинде жарық көріп тұрған "Жас Түркістан журналының № 16-25 сандары енгізіліп отыр"</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / ред. басқ. Н. О. Омашев : Өнер. – 2011. - 5-кітап : Сана. - [б. м.]. - 315, [5] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>Кезекті томға 1923-1924 жылдары Ташкент қаласында жарық көрген "Сана" журналының жарияланымдары енгізілді.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / ред. басқ. Н. О. Омашев : Өнер. – 2011. - 6-кітап : Таң. - [б. м.]. - 365, [3] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>Жинақтың кезекті томы 1925 жылы Семей қаласында жарық көрген "Таң" журналының жарияланымдарына арналып отыр</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / ред. басқ. Н. О. Омашев. - Алматы : Өнер. - 2011. - 7-кітап: Таң. - 364, [4] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>Жинақтың кезекті томы 1925 жылы Семей қаласында жарық көрген "Таң" журналының жарияланымдарына арналып отыр.</p>	<p><u>Читать</u></p>

	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / ред. басқ. Н. О. Омашев. - Алматы : Өнер. - 2011. - 8-кітап : Абай. - 380, [4] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>Жинақтың кезекті томы 1925 жылы Семей қаласында жарық көрген "Таң" журналының жарияланымдарына арналып отыр.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / ред. басқ. Н. О. Омашев. - Алматы : Өнер. - 2011. - 9-кітап : Сарыарқа. - 315, [5] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>Бұл том 1917-1919 жылдары Семей қаласында жарық көрген "Сарыарқа" газетінің жарияланымдарына арналған. Бұл - "Алашорданың" үні болған, қазақ автономиясы үшін күрескен басылым.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Алаш көсемсөзі : 10 томдық / ред. басқ. Н. О. Омашев : Өнер. – 2011. - 10-кітап : Сарыарқа. - [б. м.]. - 356, [4] б. - (Алаш көсемсөзі).</p> <p>Бұл том 1917-1919 жылдары Семей қаласында жарық көрген "Сарыарқа" газетінің жарияланымдарына арналған. Бұл - "Алашорданың" үні болған, қазақ автономиясы үшін күрескен басылым.</p>	<p><u>Читать</u></p>

	<p>Омашев, Намазалы. Ақпарат әлемі : көп томды шығарма / Н. Омашев. - 1 т. : Жаһандану және журналистика. - [б. м.]. - 341, [1] б.).</p> <p>Автор осы жолы қолыңызға тиген таңдамалы шығармаларының алғашқы томында қазақ журналистикасының дамыған елдер журналистикасымен салыстыра қарап, жаһандану жағдайындағы БАҚ рөлі, ақпарат кеңістігіміздің қауіпсіздігі туралы ой толғайды.</p>	<p>Заказать онлайн</p>
	<p>Омашев, Н. О. Ақпарат әлемі : таңдамалы шығармаларының көп томдығы / Н. О. Омашев : Қазығұрт. – 2006. - 2-т. : Қазақ радиосы. - [б. м.]. - 423, [2] б.</p> <p>Автор осы жолы қолыңызға тиген таңдамалы шығармаларының екінші томында қазақ жерінде пайда болған радиостанциялар мен хабардың таралу тарихы айтылады. Сонымен қатар бұл кітапта кезінде зерттеушілер мен жалпы журналистер қауымы арасында үлкен резонанс тудырған – Қазақ радиосының тарихын тағы он жылға ұзартқан ғылыми мақаласы бар.</p>	<p>Заказать онлайн</p>
	<p>Омашев, Н. О. Қазіргі шетел журналистикасы : Оқу құралы / Н. О. Омашев ; әл-Фараби атын. ҚазМУУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2000. - 117, [1] б.</p> <p>Бұл оқу құралында шетел журналистикасы, атап айтқанда Америка, Батыс Еуропа, Азия, Араб әлемі елдерінің электронды ақпарат құралдары, олардың қазіргі жай-күйі, жұмыс тәжірибелері айтылған.</p>	<p>Читать</p>

	<p>Омашев, Н. О. Радиожурналистика : оқулық / Н. О. Омашев ; ҚР білім және ғылым м-гі. - Алматы : Экономика, 2005. - 319, [1] б.</p> <p>Оқулықта радионың бұқаралық ақпарат құралы ретіндегі мәні мен табиғаты, қоғамдық міндеттері мен бейнелеуіш құралдарының сыры ашылып, тарихы мен технологиясымен, даму кезеңдерімен, бүгінгі үрдісімен танысуға мүмкіндік береді.</p>	<p><u>Читать</u></p>
	<p>Омашев, Н. "Радиожурналистика негіздері" : Жалпы курсы бойынша типтік оқу бағдарламасы / әл-Фараби атын. ҚазМҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1999. - 17 б.</p> <p>Бұл оқулық соңғы бекітілген типтік оқу бағдарламасына сәйкес радиохабардың БАҚ ретіндегі рөлі мен орны, қоғамдық міндеттері, тарихы және технологиясының даму кезеңдерін түгел қамтиды. Сол сияқты онда радиожурналистиканың жанрлары мен пішіндерінің қалыптасуы, эфир журналистикасының ерекшеліктері, оның көп жылғы тәжірибесі кеңінен қарастырылды.</p>	<p><u>Читать</u></p>